

№14 «Шолпан» бөбекжай-бақшасы

# «Қош бол балабақша»

Тәрбиешілер: Г.Даменова  
Ж.Тәти

023-2024 оқу жылы

Бекітемін:  
№14 «Шолпан» бөбекжай-бақшасы  
КМҚК әдіскері  
*Жас 1* К.Байсадамова  
«28» 05 2024ж

### «Қош бол балабақша»

#### Тәрбиеші:

Өтті қызық көп күндер,  
Жеті жасқа жеттіндер.  
Барасындар мектепке,  
Бір белестен өтіндер.

Қымбатты ата-аналар, балабақша қызметкерлері, қонақтар! Бүгін біз бірнеше жыл мәпелеп, күтіп тәрбиелеген бүлдіршіндерімізді, ұямыздан ұшырып, мектепке шығарып салғалы отырмыз. Олардың әрбірі балабақшадан білім деген іргетасын қалап, мектепте үлгілі оқушы болатынына сеніміміз мол. Кәнекей, түлектерімізге тағы да бір қошеметпен қол соғып қояйық.

#### Тәрбиеші:

Өсті ақыл-ойларың,  
Өсті, міне, бойларың.  
Қуанышқа ортақпыз,  
Құтты болсын тойларың.

#### Бүгінгі кешіміздің түлектерін таныстырып өтсек.

*Баймақ* мінезімен  
Түрлі рөлді сомдайды  
Күлімдеген **Алинұр**  
Барлық досы қолдайды.

Қандай да болсын игі іс.  
Онсыз сірә бітпейді,  
Гүл жайнаған **Жасминді**  
Жауқазын гүлге теңейміз.

Спортты жаны сүйеді.  
Салауатты өмір сүреді,  
Бар қоғамдық жұмыстың  
Ортасында жүреді,  
**Жанболат** топтың жүрегі.

Мына біздің **Нұрбейне**.  
Ибалы да өнерлі,  
Ақылы оның өте көп.

Сүйкімді боп жүреді,  
Өз тілін өте жақсы көреді.  
Өнерден кесте өреді.

Бойында үлкен намыс бар,  
Әрқашан алға ұмытылған.  
Сегіз қырлы, бір сырлы,  
Намысшыл жігіт **Нұрханды**.

Ортамыздың ажары,  
**Айжұлдыз** ерке қыз.  
Әр қылығын көтеріп,  
Еркелете береміз.

Қане, **Айзия** тобымның,  
Гүлі болып шыға ғой.  
Сені көрген адамның,  
Қуанбауы күнә ғой.

Білімді қыз инабат,  
Болар бізге қолқанат.  
Жақсылықты арқалап,  
**Талшында** бар талант.

**Сезім** *Ойың ұшқыр сезім  
Математикаға сүйесің  
Қыр сән  
Менде шайыр бересің*

«Шұғыла» тобының бітіруші түлектеріне тағы да бір қошемет көрмсетіп қояйық.

Мерекеде сызылтып ән салады,  
Ән айтып би билеп жан салады.  
Бұл ұлы мерекеде ән салғанда,  
Бүкіл ел шапалақпен қарсы алады.

### 1. Ән «Балабақшам арайлым»

Өнерімізді бірге тамашалаңыз,  
Балаларымыз көңілді.  
Тойымызға сән беріп,  
Би билейік тамаша.

### 2. Би «Аққу».

Алдындағы балалар

Мектепке кетіп барады  
Такпақ айтып бір бірден  
Қимай кетіп барады,- дей келе ортаға балаларымызды өз такпақтарын айтуға шақырамыз.

### **1. Жанболат:**

Балабақша базарлы үй,  
Көшедегі ажарлы үй.  
Шаттығы бар шуақта,  
Өз үйіміз сияқты.  
Мектепке енді барамыз,  
Үлгілі оқушы боламыз.  
Жақсы оқып сабақты,  
Кілең бестік аламыз

### **2. Жасмин:**

Балабақша, балабақша  
Шаңарағы шаттықтың  
Балабақша қорғанышы  
Балғын сәби жастықтың  
Қуанамыз сыйлаймыз  
Қуаныштың мың гүлін  
Бақшамызбен қимай біз  
Қоштасатын күн бүгін

### **3. Айжұлдыз**

Ботақаным бөбек деп  
Еркелеткен ұл қызын  
Анамызды ерекше  
Қуантатын күн бүгін  
Өсті міне бойымыз  
Қуанышқа ортақпыз  
Құтты болсын тойымыз.

### **4. Алинұр**

Бұл қуаныш себебін  
Бізге қарап ұғарсың  
Ер жетті деп бөбегің  
Ата-анам қуансын.  
Оқимыз білім аламыз  
Болашақ жолын саламыз  
Бақшаменен қоштасып  
Біріншіге барамыз.

### **5. Айзия**

Үлкендердей тап-таза  
Жазамыз бормен тақтаға  
Үлгілі бала боламыз  
Жүретіндей мақтана

### **6. Нұрхан**

Балабақша бақыт нұрын төгеді  
Біз боламыз болашақтың ертеңі  
Жайнай берсін жайнай берсін әрқашан  
Бөбектегі балалардың ертеңі

### **7. Сезім:**

Сен үйреттің сөйлеуді  
Сенде ойым есейді  
Мектепке барам мен енді  
Балабақшам қош енді.  
Қолыма гүл аламын  
Дайын дәптер қаламым  
Таң қалдырып достарды  
Мен мектепке барамын

### **8. Талшын:**

Бүгін қызық бүгін той  
Біздер үшін біліп қой.  
Әнге салып, би билеп.  
Жалғастырсын ойды-ой  
Оқимыз, білім аламыз.  
Болашақ жолын саламыз,  
Бақшамызбен қоштасып,  
Біз мектепке барамыз.

### **9. Нұрбейне**

Тәрбие берген ұямыз  
Тәртіпті бал боламыз  
Қоштасып бала бақшамен  
Біз мектепке барамыз  
Шықтық міне хат танып  
Жырын елдің жаттадық  
Ұстазымның еңбегі  
Жатса екен ақталып

**3. Ей бүлдіршін, бүлдіршін  
Өмір бізді күлдірсін  
Тойға келген мына жұрт**

Ән мен жырға бір тойсын-деп балаларымыздың орындауындағы «Біз мектепке барамыз» әнін қабыл алыңыздар.

4. Оркестр «Семиотка» Моцарт. Турецкое рондо.

5. Ән: «Тәрбиеші апайым».

**Тәрбиеші:**

Оқимыз білім аламыз,  
Болашақ жолын саламыз.  
Бақшаменен қоштасып,  
Біріншіге барамыз деп енді балаларымыз балабақшадағы апайларына өз ризашылықтарын білдірмек.

**1. Әлинұр**

Гүлдендірген бақшаны  
Меңгеруші апай жақсы адам.  
Сондықтанда біз үшін  
Артықсыз сіз басқадан.  
Жайна апайға мың алғыс.

**2. Айзия**

Жайдары жүз, айқабак  
Жүреді бізді аймалап.  
Тобымызға жиі кеп  
Білгенінді сұрайтын  
Ақкенже апайға көп рахмет.

**3. Жанболат**

Денсаулыққа болаттай  
Ауруларды жолатпай  
Күнде болған әбдігер  
Қамқоршымыз дәрігер  
Сандуғаш апайға мың рахмет.

**4. Талшын**

Үйренгенбіз өнер біз  
Шетімізден шеберміз  
Бал татыған әндерді  
Мың бұралған билерді  
Үйреткен Айда, Гүлжайна  
Апайларға мың алғыс.

**5. Айжұлдыз**

Тәтті тағам пісірген  
Айран сүтін ішкізген  
Арай, Света апайларға  
Сіздерге мың алғыс.

**6. Жасмин**

Жазу жазып үйреткен

